



Біліп айтқан сөзге күн жетпейді,  
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.  
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,  
Үйренгеннен ештеңең кетпейді.

ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ



ӘСКЕРИ МЕКТЕПТИҢ  
ТЫНЫС-ТІРШЛІГІМЕН  
ТАНЫСТЫ

» 2



АСАНӘЛІДЕЙ  
АБЫЗДАН  
БАТА АЛҒАН

» 6



# ШУ ӨҢІРІ

Шуцкая долина

№36 (10047)  
СӘРСЕНБІ  
6 МАМЫР,  
2026 ЖЫЛ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы)

WWW.SHUONIRI.KZ

Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады

## ЕРЛІК - ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА ҰРАН

**Құрметті Отан қорғаушылар!  
Қадірлі ел азаматтары!**  
Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!  
Бұл мереке – ел тәуелсіздігі мен тыныштығын қорғауды қасиетті парыз санайтын азаматтарға көрсетілген зор құрметтің белгісі. Әрі ер рухты ерлердің болмысын өскелең ұрпаққа өсиет ететін мезет.

Отан қорғау – әрбір ер азаматтың абыройлы міндеті, ал ел қауіпсіздігін сақтау – баршамызға жүктелген ортақ жауапкершілік.

Қазіргі таңда Қазақстанның Қарулы Күштері еліміздің бейбіт өмірі мен тұрақтылығының сенімді қалқанына айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің қорғаныс жүйесіне, қарулы күштерді қуаттандыру ісіне ұдайы көңіл бөліп отыр. Бұл өз кезегінде отандастарымыздың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шара.

Шу ауданынан шыққан азаматтар да әрқашан ел қорғау жолында ерлік пен батырлықтың үлгісін көрсетіп келеді. Олар кешегі батырлардың өкшесін басқан өр мінезге не ел қорғандары болып отыр.

Әскер қатарында абыроймен қызмет етіп жүрген сарбаздар мен офицерлерге, сондай-ақ Отан алдындағы борышын адал атқарған ардагерлерге шынайы алғысымызды білдіреміз.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш, көгіміз ашық болсын!

Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры биік, болашағы жарқын болғай!

**Бақытжан ЖӘНІБЕКОВ,  
Шу ауданының әкімі.**

## ӨҢІР ТЫНЫСЫ

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА АЛҒАШ РЕТ «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ «TURGYNDAR AMANATY» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ҮЙДІ БАСҚАРУ: ЖАУАПКЕРШІЛІК, СЕНІМ, НӘТИЖЕ» АТТЫ ФОРУМ ӨТТІ. БАСҚОСУДА КӨПҚАБАТТЫ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРДІ БАСҚАРУ, КОММУНАЛДЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҒҒЫРТУ, ҚАУІПСІЗДІК, ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫ КҮШЕЙТУ ЖӘНЕ МҮЛІК ИЕЛЕРІНІҢ БІРЛЕСТІГІ (МИБ) МЕН ПӘТЕР ИЕЛЕРІ КООПЕРАТИВІ (ПИК) ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ.**

Форумға облыс әкімі Ербол Қарашөкеев, «AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каримова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұқаш Ескендіров, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі комитеті төрағасының орынбасары Қанат Мыңбаев, сондай-ақ маслихат депутаттары, сала мамандары және өңірдегі МИБ пен ПИК басшылары қатысты.

Жиында Шолпан Каримова аталған жоба көппәтерлі тұрғын үйлерге қатысты қордаланған мәселелерді жүйелі түрде шешуге бағытталғанын атап өтті. Оның айтуынша, жоба аясында МИБ және ПИК төрағаларын оқыту, депутаттар және әкімдіктермен өзара байланысты нығайту, ауаларды абаттандыру, «Халық қатысатын бюджет» тетігін кеңінен қолдану көзделген.

– Тариф, абаттандыру, жарықтандыру, лифт, интернет пен қауіпсіздік мәселелері тұрғындар үшін өте маңызды. Осы бағыттағы

## «TURGYNDAR AMANATY» жобасы бастау алды



жүйелі жұмыстың нәтижесінде биылдың өзінде еліміздің 11 өңірінде форум-семинарлар өтіп, нақты нәтиже берді. Енді бұл бастама Жамбыл облысында жалғасып отыр, – деді ол.

Өз кезегінде Ербол Қарашөкеев тұрғын үйді басқару мәселесі халықтың мемлекеттік органдарға деген сеніміне тікелей әсер ететінін айтты. Оның сөзінше, бұл саладағы басты міндет – ашықтықты күшейту, тұрғындардың сенімін арттыру және жаңа басқару мәдениетін қалыптастыру.

Қазіргі таңда облыста 2 101 көппәтерлі тұрғын үй бар. Соның 1 811-і кондоминиум нысаны ретінде тіркелген. Жыл соңына дейін 110

үйді тіркеу жоспарланып отыр.

Мәжіліс депутаты Мұқаш Ескендіров елдегі әлеуметтік-экономикалық даму мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған заңнамалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп жатқанын жеткізді. Ал Қанат Мыңбаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзекті мәселелер «TURGYNDAR AMANATY» жобасы аясында кезек-кезеңімен шешілетінін атап өтті.

Сонымен қатар Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков өңір орталығындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын дамыту және басқару жүйесін жетілдіру бағытындағы жұмыстарға

тоқталды.

Форум барысында сала өкілдері де өз пікірлерін білдірді. ПИК ассоциациясы төрағасының орынбасары Елена Цой мен «Ел аман-2023» басқарушы компаниясының директоры Мирасхан Дауылбаев жоба тұрғындардың мүддесін қорғауға, басқару жүйесін жетілдіруге және қоғамдық бақылауды күшейтуге ықпал ететініне сенім білдірді.

Іс-шара оқыту семинарымен жалғасып, қатысушылар практикалық білімдерін жетілдіріп, жаңа дағдыларды меңгерді.

**Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

## МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

ӨТКЕН АПТАДА ӨҢІР ТҮРҒЫНДАРЫ 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІН ЖОҒАРЫ ДЕНГЕЙДЕ АТАП ӨТТІ. ОСЫДАН 30 ЖЫЛ БҰРЫН БЕКІТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ ЕЛІМІЗДЕ ҒҰМЫР КЕШІП ЖАТҚАН ТҮРЛІ ЭТНОСТАРДЫҢ ӨЗАРА ДОСТЫҒЫН ДӘРІПТЕП, МЕЙМАНДОСТЫҚ ПЕЙІЛІН ТАНЫҒАТЫН АЙРЫҚША КҮНГЕ АЙНАЛДЫ. БҰЛ МЕЙРАМНЫҢ БАСТЫ МӘНІ – ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРАТЫН БАРЛЫҚ ҰЛТТАРДЫҢ БІРЛІГІ МЕН КЕЛІСІМІН, ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН АЙШЫҚТАУ.

## ЫНТЫМАҒЫ ЫРЫСЫНЫҢ БАСТАУЫ, ҮЗІМЕСІН БЕРЕКЕНІҢ АРҚАУЫ



**Байжан ЕМБЕРДІ,  
«Шу өңірі»**

Жұма күні аудан орталығында арнайы құрылған сахнада аудандық мәдениет үйі мерекеге орай сазды бағдарлама ұсынып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Бұдан кейін аудан әкімі Бақытжан Жәнібеков мінберге көтеріліп, өңір тұрғындарын Қазақстан халықтары бірлігі күнімен құттықтады. Қазақстанда салтанат құрған бірлік пен бейбітшілік, ынтымақ пен ырыс – басты байлық екенін тілге тиек еткен аудан басшысы ақжарма лебізін білдірді.

– Байтақ Отанымыздың бүгінгі татулығының тұрақтылығы, этносаралық ахуалының жай-күйі әлемнің көптеген елдерінің назарын аударуда. Елімізде бұл құндылықтарды сақтау жолында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Оған билік пен бұқараның бейбітшілікті сақтауға деген ортақ ұмтылысы негіз болып отыр. Сондықтан біз бұл игілікті одан әрі нығайтып, келер ұрпаққа аманат етуге тиіспіз.

Жүзден аса этнос мекен еткен елімізде пейілі ортақ, болашағы бір отандастар өмір

сүруде. Сол секілді Шу өңірінде де түрі бөлек болғанымен, тілегі бір түрлі этнос өкілдері татулыққа ғұмыр кешіп келеді. Олар өз тілдерін сақтай отырып, ұлттық мәдениеттерін дамытып, ұрпақ тәрбиелеуде. Сонымен қатар өз еңбектері арқылы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Біз мұны әрдайым жоғары бағалаймыз. Баршаңызды мерекемен құттықтай отырып, бақ-береке, толайым табыс тілеймін, – деді Б.Оразалыұлы.

Мұнан кейін марапаттау рәсімі өтіп, өңірдегі этносаралық келісімді нығайтуға және ауданның әлеуметтік дамуына үлес қосқан бір топ азамат аудан әкімінің Алғыс хаттары мен марапаттарына ие болды. Осы күні орталық алаңнан бастау алатын аллеяда тұрғындар үшін көрмелер, спорттық ойындар, өнер байқаулары мен сауда-саттық алаңдары ұйымдастырылды. Мәселен, Мәлік Жүнісәлиев атындағы саябақтың кіреберісінде ақшақан киіз үйлер тігілді. Онда ауданымызда табысты жұмыс жүргізіп отырған этномәдени орталықтар қазақ, түрік, күрд, орыс, әзірбайжан халықтарының ұлттық тағамдары мен сусындарын көпшілікке ұсынды. Аудан әкімі бастаған топ киіз үйлерді аралап, этномәдени бірлестік өкілдерімен жүздесіп, мерекелік құттықтауын

жеткізді.

Келесі отауда суретші, мүсінші, педагог Қали Қораласбаевтың көрмесі қойылды. Сонымен қатар көпшілік Өнер мектебі оқушыларының туындыларымен танысуға мүмкіндік алды. Ал үшінші киіз үйде елге белгілі этнодизайнер, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі К.Жанғұттының еңбектері жұрт назарына ұсынылды. Осы тұста Күләш Құсайынқызы – еліміздегі танымал қолөнер шебері, киіз басу өнерінің майталманы, қазақтың дәстүрлі қолөнерін дәріптеуші екендігін атап өткен жөн.

Нағыз мерекелік көңіл-күй саябақта айқын сезілді. Балаларын жетектеген ата-аналар, немерелерін ерткен қариялар аудандық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған сазды бағдарламаны тамашалап, дойбы, қол күресі, арқан тарту секілді ұлттық ойындардың қызығына куә болды.

Қазақстан халқының бірлігі күні 40 мыңнан астам тұрғыны бар Шу қаласында да кең көлемде аталып өтті. Теміржолшылар саябағында спорттық жарыстар, қолөнер шеберлерінің

көрмесі және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Өңірде өткен мерекенің жоғары деңгейде олуына қалтқысыз қызмет еткен тәртіп сақшыларына, өрт сөндірушілер мен медицина қызметкерлеріне, сондай-ақ коммуналдық сала мамандарына алғыс білдірудің де артықшылығы жоқ.

Жоғарыда айтқанымыздай, мемлекетіміздің экономикасының дамуы, халықтың тұрмысының жақсаруы мен барлық салалардың ілгерілеуі алдымен қоғамдағы саяси тұрақтылық пен этносаралық татулыққа тікелей байланысты екені даусыз. Осы уақытқа дейін табысты жүргізілген әлеуметтік-экономикалық, саяси реформаларға этносаралық келісім мен түсіністіктің арқасында қол жеткізілгені көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азамат жақсы біледі. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан қоғамдық хәм этносаралық келісімінің дүниежүзіне үлгі боларлықтай өзіндік моделін қалыптастыра білді. Біз осы игі істі әрі қарай жалғастыруымыз керек. Яғни елдегі бірлікті бекемдей түссек, одан ұтпасақ, ұтылмасымыз анық.



ТӘРБИЕ БАСЫ - ТАЛ БЕСІК

# ӘСКЕРИ МЕКТЕПТІҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақ даласының кең көкжиегіне көз салсаң, әр төбенің, әр белестің астарында бір тарих, бір тағдыр, бір ерліктің ізін сайрап жатыр. Тарих қойнауында сақтар мен ғұндардың айбынды тұлғалары, түркі қағанаты дәуіріндегі қайсар ерлер, одан бергі Қазақ хандығы тұсындағы ел қорғаны болған баһадүрлер, одан берідегі ел басына күн туған шақта иығына қару асынып, Отанын қорғаған батырлар ел жадында әлі күнге дейін жаңғырып тұр. Сонау қат тарихтың қойнауына үңілсек ел басына күн туған шақта атқа қонған ерлердің қатарында Қобыланды батыр, Алпамыс батыр сынды аңызға айналған тұлғалардан бастап, тарихи сахнада із қалдырған Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Наурызбай батыр секілді ерлердің есімі алтын әріппен жазылды.

Ал бергі Әуірде ұлт-азаттық қозғалыстарда ерлік көрсеткен Исатай Тайманұлы мен Махамбет Әуемісұлы, Кенесары Қасымұлы бастаған ерлердің рухы – бүгінгі тәуелсіздіктің темірқазығы. Батыр рухты еліміздің ерлерінің қайсарлығын тағы бір дәлелдеткен ХХ ғасырдағы алапат сын – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында да қазақтың ерлік дәстүрі жалғасын тапты. Қанды майданда қайсарлықтың биік үлгісін көрсеткен Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов сынды ерлердің есімі халық жадында мәңгілік сақталды.

## Айғаным АСҚАРБЕК, «Шу өңірі»

Осынау батырларымыздың ерлігі – тек өткеннің естелігі емес, бүгінгі ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ. Ендеше, осындай асыл тұлғаларды өскелең ұрпаққа үлгі етіп, олардың жүрегіне Отанға деген сүйіспеншілікті сіңіру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Соны жанымын ұғынған Шу ауданы білім бөлімінің басшысы Жайдар Жазықбаев жас ұрпақты отансүйгіштікке, ерлік пен жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында Шу қаласы мен Төле би ауылындағы мектептердің 6 сынып оқушыларын Тараз қаласында орналасқан Бауыржан Момышұлы атындағы дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған әскери мектеп-интернатына арнайы апарып, экскурсия ұйымдастырды.

Өткен жылдың соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына жасаған жұмыс сапары аясында аталған білім ордасының тыныс-тіршілігімен арнайы танысып, оның болашақ әскери мамандарды даярлаудағы әлеуетіне жоғары баға берген екен. Мемлекет басшысы осы сапар барысында мектеп-интернатқа Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы есімін беру туралы маңызды ұсыныс

білдірген болатын. Бұл бастама көп ұзамай нақты шешімін тауып, ағымдағы жылдың қаңтар айының басында өткен облыстық мәслихаттың кезектен тыс отызыншы сессиясында Президент ұсынысы негізге алынып, бірауыздан қолдау көрсетіледі. Нәтижесінде білім ордасына даңқты қолбасшының есімі ресми түрде берілді. Президентіміз мектеп-интернаттың әскери бағыттағы жас буынды тәрбиелеудегі рөлін ерекше атап өтіп, мұндай үлгідегі білім ошақтарын еліміздің әр өңірінде көбейту қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар, жауапты тұлғаларға осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жандандыру жөнінде нақты тапсырмалар жүктеген болатын. Қашанда мемлекеттік маңызы бар істерді назардан тыс қалдырмайтын аудандық білім бөлімінің басшысы Жайдар Саттарқұлұлы әскери мектепті ауданның жас өрендері көріп, бойына ұлттық рухты сіңірсе деген ниетпен өзі бастап алып барды.

Шу ауданының білім беру ұйымдарынан жиналған 6 сынып оқушыларын бастап барған Жайдар Саттарқұлұлы Бауыржан Момышұлы атындағы дарынды ер балаларға арналған мамандандырылған әскери мектеп-интернатының директоры Әлішер Әзімбаев өзі қарсы алып, толықтай таныстырды. Ол ең алдымен дәл осындай әскери мектеп ресубли-



ка бойынша Тараз қаласында төртінші болып ашылғанын мақтанышымен айтуға болатынын тілге тиек етіп, одан бөлек Семей, Павлодар, Атырау қалаларында бар екендігін айтып өтті.

Оның айтуынша, білім ордасында 180 тәрбиеленуші толыққанды білім алуға. Былтырғы оқу жылының ІІІ тоқсанынан жұмысын бастаған әскери мектепте 7, 8, 9 сынып оқушылары қабылданған, ал келесі оқу жылынан бастап мектепке оқушыларды 7-ші сыныптан бастап қабылдайды. Мектептің материалдық-техникалық базасы қазіргі заман талаптарына сай жабдықталған. Атап айтқанда, мұнда 39 оқу кабинеті, 120 орындық асхана, 320 орынға арналған жатақхана, 100 орындық мәжіліс залы және екі футбол алаңы бар. Сонымен қатар спортзал, саптық дайындық алаңы, STEM зертханасы, робототехника және ІТ кабинеттері үздіксіз жұмыс істейді. Барлық нысандар оқушылардың қауіпсіздігі мен жайлы өмір сүруіне қажетті талаптарға толық жауап береді.

Жасөспірімдерді әскери рухта тәрбиелеуге бағытталған бұл білім ордасында жаратылыстану-математикалық пәндер, информатика және ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылады. Оқу бағдарламасы аясында түрлі элективті курстар жүйелі түрде ұйымдастырылған. Олардың қатарында алғашқы әскери дайындық, «SkyTech» пилотсыз ұшу аппараттарын басқару негіздері, қарым-қатынас психологиясы, сондай-ақ химия және әскери бағыттағы арнайы сабақтар бар. Мысалы, осы курстар барысында биологиялық қарулардың адам өміріне төндіретін қаупі жан-жақты түсіндіріледі.

Бұдан бөлек, инварианттық бөліктің мамандандырылған компоненті шеңберінде бірқатар пәндер кеңейтіліп әрі тереңдетіліп оқытылады. Олардың қатарында шет тілі, алгебра, геометрия, физика, география және информатика бар. Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі үйірмелер де жұмыс істейді. Атап айтқанда, әскери іс, дебат клубы, домбыра, футбол, күрес, қоян-қолтық ұрыс және хор бағытындағы қосымша сабақтар тұрақты түрде өткізіледі. Сонымен қатар, мектеп-интернатта «Жас сарбаз» патриоттық клубы да белсенді жұмыс атқарады.

Әлішер Әзімбаевтың айтуынша, аталған мектептің түлектері болашақта Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне,

Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер министрлігіне, Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты жоғары оқу орындары мен колледждерінде білімін жалғастыруға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты азаматтық жоғары оқу орындарына түсуге, тіпті шетелдік білім жоғары және арнайы кәсіптік оқу орындарында оқуын жалғастыруға да жол ашық.

Оқушыларды әскери мектептің ауласына кіргеннен бастап тыныс-тіршілігімен бастан-аяқ таныстыра отырып, әскери мектепте білім алып жатқан шулық жас сарбаздармен жүздестіріп, әңгіме өрбітті. Өз кезегінде аудандық білім бөлімінің басшысы Жайдар Саттарқұлұлы, Ф.Мұратбаев, Б.Момышұлы, М.Әуезов, Амангелді, С.Сейфуллин, М.Мақатаев мектептерінен әскери мектепке барған оқушылармен емен-жарқын әңгімелесіп, артынан ілесіп келе жатқан інілеріне үлгі бола білгені үшін алғысын айтты. Енді ғана жас шыбықтай қатайып келе жатқан жас өрендер әскери мектепті аралап, қызықтырған түрлі сұрақтарын қойып, осы мектепте оқуға ниеттері бар екендігін жеткізді. Әскери мектептен басталған саяхат «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде жалғасып, оқушылар музей ішін аралап, еліміздің сонау тас, қола дәуірлерінен бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан бай тарихын айғақтайтын көне жәдігерлермен танысып, танымын кеңейтті.

Бірде израилдік тарихшының қасқақ қарсы отырып Ресей федерациясының президенті Путинге кезінде Мәскеуді аман алып қалған қазақ жауынгерлері екендігін есіне салғанын әлеуметтік желіден байқап қалған едім. Өздерінің әскеріне қолына қарумен бірге Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабын қоса ұстататынын айтып, жауынгерлерін батыр Бауыржан бабамыздың азаматтық болмысы мен соғыс тактикасы арқылы тәрбиелейтінін жеткізді.

Міне, біздің жат елдерге үлгі болған қайсар рухты батыр бабаларымыз қандай?! Біз де өз елімізде әскери мектептерді көбірек ашып, ұлтына жанымен берілетін, азаматтық болмысы қалыптасқан, темірдей тәртіпті ұстанатын азаматтарды тәрбиелеу ісін мықтап қолға алу қажет. Осы тұста кішкентай ғана бүлдіршіндердің бойында батырлық рухты оята білген аудандық білім бөлімі басшысының бастамасы құптауға тұрарлық екендігін алға тартқымыз келеді.



## ЖИ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

Орыс тілі мен әдебиеті сабағында оқушылар аты аңызға айналған қолбасшы, қаһарман жауынгер Бауыржан Момышұлының «Ар-тымызда Мәскеу» атты туындысымен танысты. Бұл шығарма жай ғана оқылып, талданған мәтін емес, ол – ерлік пен өр рухтың, отансүйгіштіктің мәнін терең ұғынуға жол ашқан рухани арқау болды. Сабақ барысында оқушылар даңқты тұлғаның қайсар болмысын, қайтпас батырлығын кенінен талдап, жеңіс жолында жан аямай күрескен барша қазақстандық жауынгерлердің ерлігіне тағзым етті.

Осы тағылымды әңгіменің жалғасы ретінде «Отбасылық архивтен» атты шығармашылық жоба жүзеге асырылды. Бұл жоба оқушыларға тарихты тек кітап беттерінен ғана емес, өз әулетінің шежіресі арқылы танауға мүмкіндік берді. Олар шынайы зерттеу жүргізіп, туған-туыстарымен сұхбат құрып, отбасылық мұрағаттарды ақтарып, сарғайған суреттер мен көне құжаттарды сөйлетті. Көптеген оқушылар ата-бабаларының ізі қалған туған ауылдарына барып, көнекөз қариялардан дерек жинап, соғысқа қатысқан арғы аталары туралы мәліметтерді үлкен ыждағаттылықпен топтастырды.

Жобаның ең әсерлі тұстарының бірі – заманауи технологияның көмегімен жүзеге асқан «кездесу» сәттері болды. Оқушылар жасанды интеллект арқылы өздері өмірде көрмеген арғы аталарымен қатар тұрғандай бейнелер жасап, оларды құшақтағандай әсер қалдырды. Бұл көріністер әрбір жанның жүрегіне толқытпай қоймады.

Жоба қорытындысында оқушылар мазмұнды, шынайы әрі жүрек тербейтін шығармалар жазды. Бұл еңбектерден тек ізденіс пен талпыныс қана емес, тарихқа деген құрмет, ата-баба аманатына деген адалдық айқын сезілді.

Сол жұмыстардың бірі – Мұхтар Әуезов атындағы орта мектептің 7 «А» сынып оқушысы Болатхан Ақжүректің зерттеуі. Ол өз

### әулетінің ардақты өкілі – Мақсұт ата туралы тәбірінен баяндады:

«Мақсұт ата 1925 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина жерінде неміс-фашист басқыншыларына қарсы шайқасқан. Ол майдан даласында ерлік пен батылдықтың үлгісін көрсетіп, күрделі әскери тапсырмаларды абыроймен орындаған. Деректерге қарағанда, барлаушы ретінде жау шебінен маңызды мәліметтер жеткізіп отырған. Бір ұрыста жараланып, емделгеннен кейін қайта сапқа қосылып, Отан қорғау жолындағы күресін жалғастырған. Көрсеткен ерлігі үшін медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін туған жеріне оралып, бейбіт еңбекте ел игілігін қызмет етті. Оның ғұмыр жолы – қайсарлықтың, табандылықтың және туған елге деген шексіз

# ТАРИХТЫ ТАҢУ - ӨЗІҢДІ ТАҢУ

сүйіспеншіліктің айқын көрінісі».

Сондай-ақ өз зерттеу жұмысын 7 «А» сынып оқушысы Омарбек Аяулым ұсынды.

Ұлы Отан соғысы ардагерінің ұрпағы болу – үлкен мәртебе әрі қасиетті жауапкершілік. Әрбір тағдыр – ерлік пен жанқиярлықтың, елге деген адалдықтың шынайы шежіресі.

«Мен, Аяулым Омарбек, батыр ардагердің ұрпағымын. Менің арғы атам Омарбеков Абдамит небәрі 18 жасында Қызыл Армия қатарына алынып, майданға аттанған. Ол соғысқа өз әкесі Төлемісов Омарбекпен бірге барған. Атасының есімі ауылымыздағы Даңқ аллеясындағы мәрмәр тасқа қашалып жазылған. Олар Сталинград шайқасы сияқты сұрапыл шайқастарға қатысқан. Сол қырғында арғы атамның әкесі хабар-ошарсыз кетіп, елге оралмаған.

1942 жылы арғы атам жау оғынан иығынан жараланып, госпитальға түскен. Денесіне кірген жарықшақты алу мүмкін болмағандықтан, сол қалпында қайта майданға оралып, күресін жалғастырған. Барлық

қиындықтарға қарамастан, жеңіске жетіп, туған жеріне аман-есен оралды.

Соғыстан кейінгі жылдары ел еңсесін көтеруге үлес қосып, колхозда еңбек етті. І және ІІ дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және өзге де медальдармен марапатталды. Бұл марапаттар бүгінде біздің отбасымыз үшін қасиетті мұра ретінде сақтаулы.

Ауылымызда арғы атамның есімімен аталатын көше бар. Бұл – оның ерлігі халық жадында мәңгі сақталғанынғының дәлелі».

### Келесі болып өз зерттеуін ұсынған 7 «А» сынып оқушысы Мәкен Жанерке майдангер аталары туралы тәбіріне баяндады:

«Асылбайұлы Желеуов – менің әкемнің арғы атасы. Ол Ұлы Отан соғысы жылдары майданға аттанып, Отан қорғау жолында ерлік көрсетті. Сталинград шайқасы сияқты шешуші ұрыстарға қатысып, қайсарлық пен табандылық танытты. Бір ауыр сәтте жараланса да, рухы сынбай, күресін жалғастырды. Соғыстың барлық ауыртпалығын еңсере отырып, туған жеріне аман оралды. Соғыстан кейін де

елге адал қызмет етіп, кейінгі ұрпаққа үлгі болды.


Еркебаев Қадыр – менің анамның арғы атасы. Ол кісі де майдан даласында ерлік көрсеткен. Соғыс жылдары жау қолына тұтқынға түсіп, нацистік концлагерьдің азабын тартқан. Соған қарамастан, мойымай, өмір үшін күресін тоқтатпаған. Жараланып, аман қалып, кейін батылдығы танытып, тұтқыннан қашып шығып, туған жеріне оралған. Бұл – қайсарлықтың нағыз үлгісі.

Мен Отан қорғаған аталарымды мақтан тұтамын. Олардың айбындылығы мен елге деген сүйіспеншілігі – бізге аманат. Бүгінгі бейбіт өмір мен ашық аспан – сол ерліктің жемісі. Батыр бабалардың жанқиярлығы мәңгі есте қалуға тиіс».

Осындай тағылымды жобалардың жас ұрпақ үшін мәні айрықша. Оқушылар тарихты құрғақ дерек ретінде емес, жүректен сезініп, ата-баба тағдыры арқылы терең түсінеді. Олар бейбіт өмірдің қадірін ұғынып, ерлікке тағзым етуді, өткенге құрметпен қарауды үйренеді.

Ұстаз ретінде мен өз шакірттеріме зор ризашылықпен мақтаныш сезімін білдіремін. Олар бұл тапсырмаға үлкен жауапкершілікпен қарап, терең ізденіс жасап, ауыл-аймақтағы туған-туыстарына барып, құнды деректер жинап, әсерлі әрі мазмұнды еңбектер ұсынды. Бұл – халық жадындағы ерлік рухы өшпей, ұрпақтар сабақтастығының берік жалғасып келе жатқандығының бұлтартпас айғағы.

Лейла БАЙКУЛОВА,  
Мұхтар Әуезов атындағы орта мектептің орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі.



МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

# Ассамблея – тарихымыздың ізі, бірлігіміздің ұйытқысы

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Бұл мереке – еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың, өзара құрмет пен келісімнің жарқын көрінісі. Көпұлтты Қазақстан үшін бірлік – ең асыл құндылықтардың бірі. Осы бірлікті нығайтып, ел ішіндегі ынтымақты сақтауда Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айрықша.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – тәуелсіз еліміздің бейбітшілік пен келісім саясатын жүзеге асыратын маңызды қоғамдық институт. Ол түрлі этнос өкілдерін ортақ мақсатқа жұмылдырып, бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруге жол ашады. Ассамблеяның басты міндеті – халықтар арасындағы достықты бекемдеп, өзара сенімді арттыру және қоғамдағы тұрақтылықты сақтау.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ жері қай кезде де түрлі ұлт пен ұлысқа пана болған қасиетті мекен. Тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударған көптеген халықтар бүгінде осы елді өз Отаны санайды. Олар қазақ халқымен бірге өсіп-өркендеп, ел дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Бұл – халқымыздың кеңпейілділігі мен бауырмалдығының жарқын дәлелі.

Ассамблея – осы тарихи сабақтастықтың заңды жалғасы. Ол тек ұйым ғана емес, ол – бейбіт өмірдің кепілі, ел ішіндегі бірліктің алтын арқауы. Ассамблея аясында түрлі мәдени іс-шаралар, форумдар мен кездесулер өткізіліп, халықтар арасындағы рухани байланыс тереңдей түседі. Әр этностың тілі мен мәдениетіне құрмет көрсетіліп, ұлттық құндылықтары сақталып, жаңғыра түседі.

Қонаев ауылында да көпұлтты бірлік өз жалғасын тапқан. Мұнда түрлі ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – «Ассамблея – тарихымыздың ізі, бірлігіміздің ұйытқысы» деген тұжырымның өмірдегі айқын көрінісі. Әрбір тұрғын өз мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, ортақ құндылықтарды дәріптеп, бір-біріне құрметпен қарайды. Ауылда ұйымдастырылатын мәдени іс-шаралар мен мерекелік кездесулер татулық пен келісімді одан әрі нығайта түседі.

Бүгінде Қазақстан әлемге татулық пен келісімнің озық үлгісін көрсетіп отырған мемлекеттердің бірі. Бұл жетістіктің негізінде ел бірлігі мен Ассамблеяның жүйелі, нәтижелі жұмысы жатыр. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген қағида әрдайым өз мәнін жоғалтпайды. Сондықтан әрбір азамат елдегі бейбітшілік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауға тиіс. Бұл күн – тек мереке ғана емес, ол – өткенге тағзым, бүгінге шүкіршілік, болашаққа нық сенім. Ассамблея – тарихымыздың ізі болса, бірлігіміздің мәңгілік ұйытқысы болып қала бермек.

**Ж.НОГАЙБАЕВА,**  
Қонаев ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

## Бірлік – береке бастауы

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні еліміздегі 130-дан астам ұлт пен ұлыстың достығы мен ынтымағын паш ететін, 1996 жылдан бері тойланып келе жатқан мемлекеттік мереке. Бұл күн – ортақ шаңырақ астындағы бейбітшілік пен татулықтың, өзара түсіністіктің нышаны, «Береке бастауы – бірлік» қағидасының айқын көрінісі.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» деген дана халқымыз қашанда ынтымақты барлық құндылықтан жоғары қойған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері ел ішіндегі тұрақтылықты сақтауды басты мақсат етіп келеді. 1995 жылдың 18 қазанында Тұңғыш Президенттің Жарлығымен бекітілген бұл мереке – елімізде тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің басын біріктіретін киелі күн.

Бүгінгі таңда Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мұнда әрбір ұлттың мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрі сақталып, олардың дамуына кең мүмкіндік жасалған. Осының бәрі – Қазақстан халқы Ассамблеясының үйлесімді жұмысының нәтижесі. Ассамблея 1995 жылы құрылып, ұлтаралық татулықты нығайтатын бірегей институтқа айналды. Ол жүздеген ұлттық-мәдени бірлестіктерді біріктіріп, еліміздегі шынайы достық пен келісімді қамтамасыз етіп келеді.

Бірлік күні – тек мерекелік шерулер мен концерттер ғана емес, бұл – ортақ болашаққа деген сенімнің белгісі. «Жүзі басқа болғанымен – жүрегі бір, тілі басқа болғанымен – тілегі бір» болған бір шаңырақ астындағы халықтардың ынтымағы Қазақстанның әлемдік аренадағы орнын бекемдеп, дамуына серпін береді. Ел ішіндегі татулық – мемлекеттің ең басты байлығы.

Қорытындылай келе, Қазақстан халқының бірлігі күні – бейбітшілік пен достықтың, мәңгілік ынтымақтастықтың мерекесі. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан Қазақстан халқының бірлігі әрдайым нығая бермек.

**Сабира ИМАНЖАН,**  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы гимназиясының  
10 «Б» сынып оқушысы.

# Жас өрендердің өнерін шыңдаған Байқау



**Өнер – ешқашан таусылмайтын қазына. Осы орайда өнерге ғашық, таланты мен талабын сенімді ұштастыра білген жас таланттарды анықтау, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасында «Жұлдыз болғың келсе...» атты үш номинациядан тұратын өнер байқауы өтті.**

Өнер байқауының «Вокал» номинациясына ауданның мектептері мен мәдени ошақтардан 20 үміткер, «Аспапта ойнау» номинациясына 27 үміткер, «Би» жанры бойынша (25 қатысушы үміткер) 7 жеке орындау, 11 кіші топ (187 биші), 7 үлкен топ қатысып (62 биші), өз өнерлерімен доғаға түсті.

Әділқазылар алқасының шешімімен байқауымыздың алғашқы номинациясы «Аспапта орындау» жанры бойынша «Бас жүлде» иегері Бірлікүстем ауылынан қатысқан үміткер Қалыбай Еламан («Домалақ ене» о.м., жетекшісі Г.Сербаева), I орын Шу қаласынан қатысқан үміткерлер Жарылқасын Алияхан (Т.Рысқұлов мектебі, жетекшісі А.Ислам) және Чумакова Анастасия (Құрманғазы саз мектебі, жетекшісі М.Манойло), II орынды Белбасар ауылынан қатысқан үміткер Жазылбек Нұрай (Ш.Уәлиханов о.м., жетекшісі Ж.Алмаш) III орынды Көктөбе ауылынан Болатхан Нұрсұлтан (Жамбыл мектебі, жетекшісі А.Әмзеева) және арнайы номинациялар бойынша Шу қаласынан Шалғынбай Дильназ (Макаренко о.м., жетекшісі А.Жиреншиева), Төле би ауылынан Қамшыбай Аяна (аудандық мәдениет үйінің домбыра үйірмесі, жетекшісі Ф.Дайрабаева) және Бірлік ауылынан қатысқан үміткер Аязбай Ерасыл (М.Х.Дулати о.м., жетекшісі

Н.Сейсенбаева) сыйлықтармен және мадақтамалармен, сонымен қатар 19 үміткер белсене қатысқаны үшін марапатталды.

Өнер байқауының II жекеі яғни «Вокал» жанры бойынша I орынды Төле би ауылынан қатысқан Рахметханқызы Айзиза (Ә.Еспаев саз мектебі, жетекшісі К.Шералиева), II орынды Балуан Шолақ ауылынан қатысқан үміткер Сатыбалды Береке (М.Ғабдуллин мектебі, ауылдық мәдениет үйінің үйірме қатысушысы, жетекшісі Ж.Айтбай), III орынды Көкқайнар ауылынан Бекен Нұрай (С.Естемесов о.м., ауылдық мәдениет үйінен үйірме қатысушысы, жетекшісі Д.Жумагулова), арнайы номинациялармен Шоқпар ауылынан Аманкүл Айару (О.Жандосов о.м., ауылдық мәдениет үйінің «Вокал» үйірмесінің қатысушысы, жетекшісі Б.Жапау), Шу қаласынан Боранкүл Нұрдулат (Т.Рысқұлов о.м., жетекшісі А.Ислам), Белбасар ауылдық мәдениет үйінен Аман Құралай (Ш.Уәлиханов о.м., ауылдық мәдениет үйінің үйірме қатысушысы, жетекшісі Н.Айбас) және Оразалы батыр ауылынан Дүйсенбек Мейірім (К.Әзірбаев о.м., ауылдық клубта үйірме қатысушысы, жетекшісі Г.Орашшаева)

ынталандыру сыйлықтарымен және мадақтамалармен, сонымен қатар 12 үміткер белсене қатысқаны үшін марапатталды.

Байқаудың соңғы номинациясы – «Би» жанры бойынша 6-12 жас (кіші топ) ерекшелігі арасында I орынды Төле би ауылынан «БиАрт» студиясының тобы (жетекшісі М.Серпер), II орынды Бірлік ауылынан қатысқан «Көркемай» би тобы (жетекшісі Ж.Құлбекова), III орынды жеке орындауда Шу қаласынан қатысқан үміткер Досмағұл Салтанат (С.Сейфуллин о.м., жетекшісі Г.Байбуриева) иеленді.

13-17 жас (үлкен топ) ерекшелігі арасында I орынды Шу қаласынан «Айжұлдыз» би тобы (жетекшісі А.Альмағашева), II орынды Көкқайнар ауылынан Уәлихан Айша (С.Естемесов о.м., жетекшісі П.Қарашолақова), III орынды Көктөбе ауылынан «Айару» би тобы (Жамбыл о.м., үйірме қатысушылары, жетекшісі А.Сауытбек) иеленіп, бағалы сыйлықтармен және мадақтамалармен марапатталды.

Арнайы номинациялармен Абай ауылынан Қуандық Еділік (Абай о.м., жетекшісі Ә.Маханова), Балуан Шолақ ауылынан «Көркем» би тобы (ауылдық мәдениет үйінің би үйірмесі, жетекшісі М.Қалыбаева), Ақсу ауылынан «Ақсауыт» би тобы (Баласағұн о.м., жетекшісі Г.Чувашова), Бөлітік ауылынан «Шұғыла» би тобы (Ә.Молдағұлова о.м., жетекшісі М.Бектемиров) Төле би ауылынан жеке орындауда Сағымбек Талшын (М.Әуезов о.м., жетекшісі А.Маханова) ынталандыру сыйлықтарымен және мадақтамалармен марапатталды.

Бұл байқаудың жеңімпаздары – тек бүгінгі емес, ертеңгі өнер әлемінің жарық жұлдыздары. Олар өз өнерімен көрермен жүрегіне баурап, қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосып келеді. Әрбір жеңіс – табандылық пен еңбектің нәтижесі, ал әрбір қатысушы – болашақтың үміті. Сондықтан да бұл байқау өнерге ғашық жандар үшін үлкен мүмкіндік пен шабыттың бастауы болып қала бермек.

**Маржан КӨПБОСЫНОВА,**  
Шу аудандық мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы.



## Ауылдың айтқыштары

1996-1997 жылдары көршілес Мойынқұм ауданында қызметте болған едім. Сол Мойынқұм ауданының орталығында бұрын аудандық соттың төрағасы болып істеген, зейнетке шыққан соң адвокат болып істеп жүрген Сағынған Нұрғали деген ағамыз тұратын. Ол кісі орақ ауызды, үлкенмен де, кішімен де қалжыңдаса беретін, дер кезінде тауып айтатын айтыш кісі еді. Мойынқұм аудандық газетінде ол кездері «деген екен» атты рубрика болған. Сол газетке Нүрекеннің қатарлары мен ауылдастары ол кісінің ел арасында айтқан қалжыңдарын жиі жолдап отырушы еді.

Сол кісі сияқты айтқыш адамдар Шу ауданында да жеткілікті. Солардың бірі - Еңбек ауылының тұрғыны Қоңырбаев Несіпхан ағамыз. Ол кісі де ешкімге ессін жібермейтін, табан астында тауып айтатын, қалжың сөзге шебер адам. Өзіме айтылған сол кісінің бір қалжыңын осы жолы баяндағым келеді.

Бірде жол жүріп келе жатып, әкеме сәлем бере кетпекші болып, Меркі ауданына ат басым бұрдым. Бала-шағаммен келгеніме әкем қуанып кетіп, мамыр айы болатын, қуырдақ жасатпақшы болып, дереу бір семіз марқасын ұстап алып келді. Оны көріп, мен бір шай ішіп қана кететінімізді, асығыс екенімізді айтып, марқа қозыны сойдыртпадым. Кетерімізде әкем бой бермей, «үйге барғанда сойып, достарыңа қуырдақ берерсің» деп, жаңағы марқаны машинама салып берді.

Үйге келген соң қарасам, марқа қозы жұнттай семіз, өте көрікті

ұрғашы мал екен, союға қолым бармады. Содан інім Ердосты шақырып, «мынау тұқымын көбейтетін мал екен, біреудің малына қосып қойшы, союға қимадым» дедім. Сөйтсем, інім ол марқа қозыны Несіпхан ағамның малына апарып қосыпты.

Артында, бір ай өтпей, бір досым құда күтетін болып, ақылдаса келе, мен құдаларына бір қой сойып, қауап жасайтын болып шештік. Солан алдын ала мал тауып қойяын деп жолға шықтым. Ойым, Несіпхан ағада семіз ісек, немесе тұсақ қой болса, сатып алмақшы болдым, ал келіссе жоғарыда айтқан қозымды бағалап беріп, үстеме ақшасын төлеп кетпекшімін.

Еңбек ауылына барсам, Несекең үйінде екен, кешкі астың кезі еді, қазақтың қонақжайлылығы бар емес пе, болмай үйіне кіргізді. Тамақты жеп болып, шай ішіп отырғанда Несекең келген шаруамды сұрады. Екеуіміз қалжыңдасып отырушы едік, мен ол кісіге қалжыңдап, «бірауақыт бұрын сізге інім арқылы бір семіз саулық беріп жіберген едім, сол саулығымды алып кетуге келдім» дедім. Несекең қалжыңды түсіне кетіп, қарқылдап күліп алды да, «Ал, Баке аузың шәйда, құлағың аңгімеде болсын, мен саған бір оқиғаны айтып берейін» деп, аңгімесін бастады:

Лгеріде бір мыңғырған байдың ауылының шетінде бір бәлекор шал тұрыпты. Ол шалға мал бітпеген, айналдырған 10 шақты ешкісі ғана бар екен. Бірде байдың малын жайлауға айдап бара жатқанда, ауыл шетінде жүрген жаңағы шалдың бір арық ешкісі байдың малына қосылып кетіпті. Шал байдан сол ешкісін сұраса, бай «сенің бір ешкің

үшін кім арнайы малды ауылға барады, мал ауылға жақын түскенде аларсың» деп, сөзіне құлақ аса қоймапты.

Содан шамамен 3-4 ай өткенде байдың ауылына би келіп түсіпті. Ет желініп болған соң, ауылдағы даты барлардың барлығы би түскен үйге жиналып, бірінен соң бірі шағымдарын айта бастапты. Бәрі болды-ау дегенде, жаңағы бәлекор шал ортаға қамшысын шынырып тастап, «биеке, датым бар» депті. Би оған «датың болса, айт» депті. Сол кезде шал «Биеке, менде бір керемет ешкім бар еді. Сол ешкім мына байдың малына қосылып кетіп еді, соны маған қайтармай отыр. Өзі керемет сүтті болатын, бала-шағам соның сүтімен күн көретін, түбін киім, қылшығын арқан қылатынмын, жылына екі рет туатын, бір туғанда егізден туушы еді» деп шұбырта жөнеліпті. Оны би тоқтатып, «ол ешкі қазір малды ауылда болса, орнына бай осы жердегі малынан-ақ берер, ешкі құнына не сұрайсың» деп сұрапты. Сонда шал «Орнына бір семіз бие берсе қанағаттанар едім» депті шөл етпей. Сонда жамбастап қымыз ішіп жатқан бай шалдың сөздеріне күйіп кетіп, «Өй, екеңнің...» деп орнынан тұра берсе, би оның етегінен басып, құлағына «сұраған биесін бере сал, мынауың қазір құлынын сурап бәле қылады деген екен» деп, Несекең сөзін аяқтады да, «Құрысын, қозысын сұрамай тұрғаныңда саулығыңды берейін, жүр қораға» деді. Отырғандар қыран-топан күлкіге қарық болды.

Ойын-қалжыңның жарасымды болғанына не жетсін.

**Бақытжан БЕКСҰЛТАНОВ,**  
Төле би ауылының тұрғыны.

## Құттықтаймыз!

Әлия Молдағұлова атындағы орта мектептің кіші қызметкері **Сегізбаева Толқын Аманкүлқызын** 5 мамыр күні мерейлі **50 жасқа** толған туған күнімен құттықтай отырып, қуаныш есіне мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы бақытын тілейміз!

Арда тұтар абзал жанның кемел жасы елуге толуы — біз үшін үлкен қуаныш. Ағайынға, жақын-жұрағатқа, қызметтес әріптестеріне ғана емес, өзін білетін барша жаңға сыйлы, беделді және өмірдің қызық-қуаныштарын бірге бөліскен әріптесімізді адал көңіл, ақ ниетімізбен құттықтаймыз. Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырағыңыздан лайым шаттық, құт-береке үзбесін, мерейіңізді дәйім үстем етсін, балаларыңыздың қуанышына кенелтсін.

*Ердің жасы 50-ге келіп тұрсыз,  
Шынардай шың басына шығып тұрсыз.  
Кернеген бойындағы күш-қуатты,  
Егемен еліңізге беріп тұрсыз.  
Құш-қуат әлі дағы арта берсін,  
Жүрегіңіз жақсылықты сарқа берсін.  
Денсаулық жақсы болып арқашанда,  
Жасыңыз 100-ге дейін жете берсін.*

**Ізгі тілекпен Әлия Молдағұлова атындағы орта мектеп ұжымы.**  
Бөлітік ауылы.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

**Қыдыров Несіпбай Копбаевичтің** 2026 жылдың 19 қаңтарында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Сәтбаев к-сі, 345 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Асел Көкрекбаева) жолығулары қажет.

Байланыс тел.: 87029009957, 87766610809.

**Кузнецова Валентина Дмитриевнаның** 2011 жылдың 9 қаңтарында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 14/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Гумбатов) жолығулары қажет.



**Катишев Сатарқұлдың** 2015 жылдың 11 сәуірінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Гумбатов) жолығулары қажет.

**Бегимбекова Есенқұл Тастанбековнаның** 2021 жылдың 24 қыркүйегінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр.

Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Абылай хан к-сі, 9/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Н.Гумбатов) жолығулары қажет.

Тел.: 2-36-29, 87017406280.

# АСАНӘЛІДЕҮ АБЫЗДАН БАТА АЛҒАН

Жерлесіміз, талантты әнші, актер әрі режиссер  
Ермеқбай Құлажанов туралы бір үзік сыр

ӨТКЕН СӘУІР АЙЫНЫҢ СОҒҒЫ ЖҰМАСЫ БОЛАТЫН. СӘСКЕ ТҮСКЕ ҚАРАЙ ӨНЕРСҮЙЕР  
ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНЕ КӨП ЖИНАЛДЫ. ӨЙТКЕНІ МҮНДА ТАЛАНТТЫ ӘНШІ,  
АКТЕР ӘРІ РЕЖИССЕР ҚҰЛАЖАНОВ ЕРМЕҚБАЙ АРАЛБАЙҰЛЫН ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН  
«САХНА САҒЛАҒЫ – МӘҢГІ ЖҮРЕКТЕ» АТТЫ КЕШ ХАБАРЛАНҒАН БОЛАТЫН.

Бұл шығармашылық кеш Ермеқбай Аралбайұлының туғанына 75 жыл толуына бағышталған еді. Зәулім сарайға марқұмның отбасы мүшелері, туған-туысқандары, Қызылорда облысының Шиелі ауданынан арнайы ат басын бұрып келген қайын жұрты, мәдениет саласының ардагерлері және тағы басқа да ұлттық өнер жанашырлары бас қосты.

Атап айтқанда, залда ине шаншар орын болмады деп айтқанымыз артық болар. Әйткенмен ұлттық өнермен тағдырын табыстырған тума таланттың әуауы сыйлағандар аз болмады. Мұндайда біздің қазақ осындай еске алу кешін көргендер де, көрмегендер де арманда қалды деп айтып жататыны шындықтың шырайын аша түскендей.



Бүгінгі кейіпкерімізді аға ұрпақ өкілдері жақсы білгенімен, кейінгі толқын жастар жағы жыға танымауы мүмкін. Сол себептен Ермеқбай Аралбайұлының өмірбаянына қысқаша тоқталып өткеніміз жөн болар.

Ол Көктөбе ауылындағы Теректі мал жайылым учаскесінде дүниеге келген. Жастайынан әке-шешесі Аралбай мен Әуесек те өнерге жақын адамдар болғандықтан, Ерекең де өнер саласынан өз бақытын табуға құштарлық танытты.

Оның бағына қарай орта мектепті бітіріп, Кеңес армиясының қатарында азаматтық борышын абыройлы атқарып қайтқаннан кейін, Жамбыл атындағы ұжымшардың Халық театры ұжымының бір мүшесі болуды өз алдына үлкен міндет етіп қойды. Сол кездегі театр директоры, сырлы сазгер Серік Әденов арнайы білімі болма-са да жас жігітті театрдың меншігіндегі автобуска жүргізуші етіп қабылдады.

Сол тұста Ермеқбайдың қуанышында шек болмады. Ауыл өнерпаздарымен бірге ауданды және облысымызға қарасты басқа да елді мекендерді іссапармен аралап шығуға зор мүмкіндігі туды. Театр басшысы Серік Әденов, режиссері Өмірсейіт Бірінбетов және Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы драма театрының режиссері, кейінірек республикалық ұйғыр театрының бас режиссері атанған, аталмыш ауыл түлегі, ауыл театрының өсіп-өнуіне қолынан келген көмегін көрсете білген Қадыр Жетпісбаев Ермеқбайдың бойынан әншілік және актерлік қабілетті жазбай танып, оның театрдың белгілі мүшесі болуына қалтқысыз қамқорлық жасады.

Жүргізушіден театрдың белсенді мүшесіне айналған Ермеқбайға деген сенім мен жауапкершілік осылайша қалыптасты. Өнер саласында көсегесі көгерген, көрпесі ұзарған Көктөбе ауылында Халық театрының қазанында қайнаған, сахнасында жайнаған, әншілігімен, актерлігімен көзге түскен Аралбайұлы Ермеқбай



көрермендердің алғысын көп алды. Ол осы театрда еңбек ете жүріп, асыл жары, болашақ жұбайы Жамбыл мәдениет-ағарту училищесінің түлегі, әнші, актер Бекзада Маликовамен танысып, өз алдарына отау тікті.

Жас шаңырақ иелері өнерден де, отбасынан да баянды бақыт тапты. Екеуі үш ұл мен екі қыз дүниеге әкелді. Өкінішке қарай, бір ұлы жастай шетінеді. Қалғандары аман-есен ер жетіп, өз мамандықтары бойынша туған халқына қызмет етіп жүр.

Аталмыш кеште Ерекеңнің жұбайы Бекзада, үлкен ұлы Мұхит, қыздары Толқын мен Жазира сөз сөйлеп, әкелерін сағынышпен еске алды. Сондай-ақ Ермеқбай Аралбайұлының әріптестері Әуесхан Келгенбаев, Сағынышбек Шомаев, Ажар Ержанова және тағы басқа зиялы қауым өкілдері Ерекеңді еске түсіріп, оның жақсы тұстары мен топ жарған таланты туралы көпшілікті тәнті етті.

Әсіресе Ерекеңнің қайыны, Шиелі ауданы мен Қызылорда облысының құрметті азаматы Темірхан Әлімқұлов тебірене сөз сөйлеп, көпшіліктің көңілін толқитты. Ең бастысы, кеш барысында Ермеқбай құрдасымының ұл-қыздарымен қатар немере, шөберелері де өз өнерлерін аяп қалмады. Біреуі ән салса, енді біреулері би билеп, домбырамен күй шерткендері де көңілге қуаныш сыйлады.

Тағы бір айтар жай, Ерекеңнің інісі, Төле би ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі Боранқұл Жұматайұлы және Ерекеңнің қарындасы, Әл-Фараби атындағы мемлекеттік университетінің доценті, филология ғылымының кандидаты, «Таланттымен топжарған» кітабының авторы Мұсалы Ләйла Жұматайқызы еске алу кешін ұйымдастыруға айтарлықтай үлес қосты. Сонымен қатар аудандық мәдениет үйінің басшылығы мен өнерпаздарына арнайы алғыс айтудың да ешбір артықшылығы жоқ.

Бүгінгі мақаламызда «Асанәлідеу абыздан

бата алған» деп тегін жазып отырған жоқпыз. Бұдан бірнеше жыл бұрын Ермеқбай Аралбайұлы Шу аудандық мәдениет үйі жанындағы Халық театрының режиссері болып жүрген кезде аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі Ерік Айтқожаев екеуі Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы драма театрына іссапармен барған болатын. Сол кезде аталмыш театрда қызмет атқарып жатқан КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімовке арнайы жолығып, сәлем береді. Сөз арасында өзін аудандық Халық театры режиссерінің көмекшісі ретінде таныстырады. Бәлкім, бұл ой арнайы білімі болмағандықтан, үлкен кісінің алдында қарапайымдылығын көрсеткені болар.

Дегенмен өз театрына қажетті сақал, мұрт және тағы басқа бұйымдарды сұрайды. Көпті көрген өнер тарланы жас жігіттің меселін қайтармай, мүмкіндігінше көмек көрсетеді. Сөз соңында театр тарланы Ерекеңнің талантын табиғи болмысынан танып: «Сен шулық болсаң, мен сарысулықпын, жерлес екенбіз» деп жақын тартады. Кездесу соңында Ерекең ақ батасын беріп, жас жігітті жігерлендіре түседі. Осы бір жарқын көріністі сәтті сахналай білген аудандық мәдениет үйі жанындағы Халық театрының режиссері Мақсат Мақсұттың шынайы шеберлігіне тәнті болдық.

Тоқетері, Ерекеңнің іскерлігі мен ізденісінің арқасында Шу аудандық мәдениет үйі жанындағы және Бәйдібек ауылындағы халық театрларының талай сыннан сүрінбей өткендігіне тарих куә. Бар болғаны, 34 жыл ғана ғұмыр кешкен Ерекеңді өлді деуге болмайтын сияқты. Оның есімі шынайы көрермендердің көңілінде жүретініне көз жеткізіп қайттық.

Ахметжан ҚОСАҚОВ,  
ардагер журналист,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

## ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫН ДӘРІПТЕГЕН ІС-ШАРА



Арғы-бергі тарихымызға көз жүгіртсек, елдігімізді сақтап қалу жолында, бірлігіміздің тас қамалдай берік болуына, ұлтымыздың тоз-тоз болып ұсақталмауына барын салған қайраткерлеріміз қаншама?! Соның ішінде «елдестірмек елшіден» демекші, талай даулы мәселелерде қара қылды қақ жарып, орақ тілімен, от аузымен төрелігін айтқан би-шешендеріміздің ел таарында алар орны ерек. Әсіресе, төбе биіміз атанған Төле би бабамыздың бірлік, ауызбіршілік, татулық тұрғыда айтқан оралымды сөздері әлі күнге ел аузында. Туралықты ту еткен Төле би бабамыздың атымен аталған ауылда орналасқан білім беру ұйымдарында Бірлік күніне орай бір іс-шара өткізбесек, тәрбие жүгін арқалап жүрген алдыңғы толқынға сын.



Айғаным АСҚАРБЕК,  
«Шу өңірі»

Соның жарқын дәлелі, 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай Төле би ауылында орналасқан Әл-Фараби атындағы орта мектебінде тағылымы мол, мерекелік іс-шара өтті. Бұл күні мектеп қабырғасы шаттыққа толып, түрлі ұлт өкілдерінің достығы мен ынтымағы айқын көрініс тапты.

Іс-шараға Шу ауданы білім бөлімінің басшысы Жайдар Жазықбаев, түрік этномәдени орталығының төрағасы Алиев Умар Тайфурович, орыс этномәдени орталығының өкілі

Тамаша Викторовна, азербайжан этномәдени орталығының өкілі Мамедов Али Тарвердиевич, күрд этномәдени орталығының өкілдері Байрамов Азиз Байрамович пен Гасанова Фатима Мамедовна, түрік этномәдени орталығының мүшесі Гамидов Ислам, сондай-ақ «Елу жылда ел жаңа» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Шаранат Батырбекқызы қатысты.

Берекелі басқосуда сөз алған қонақтар ел бірлігінің маңызын ерекше атап өтіп, «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген дана сөздің мәнін тереңінен жеткізді. Олар жас ұрпақты татулықты ту етіп, ел тыныштығын көздің қарашығындай сақтауға шақырды.

Әл-Фараби мектебі – көпұлтты достықтың алтын ұясы. Мұнда түрлі ұлттың балалары бір шаңырақ астында білім алып, бірлік пен

сыйластықты бойларына сіңіріп келеді. Мерекелік кеш барысында оқушылар әр ұлттың ұлттық киімдерін киіп, әсем билерін билеп, әуезді әндерін шырқап, ұлттық тағамдарын көпшілікке ұсынды. Бұл көріністер көрермендерге ерекше әсер сыйлап, халықтар достығының жарасымды үлгісін көрсетті.

Іс-шарада аудандық білім бөлімінің басшысы Жайдар Жазықбаев, мектеп директоры Жанат Алиасқаров және қадірлі қонақтар жүрекжарды лебіздерін білдіріп, бірлік пен ынтымақтың ел дамуының басты тірегі екенін атап өтті. «Жүзі басқа болғанымен – жүрегі бір, тілі басқа болғанымен – тілегі бір» деген сөздер мерекенің мазмұнын айшықтай түсті.

Айта кету керек, бұл тағылымды шараның жоғары деңгейде өтуіне Әл-Фараби мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шолпан Ахметованың қосқан үлесі зор. Осындай игі бастамалар – ел ішіндегі татулықты нығайтып, ұрпақ санасына бірлік пен достықтың маңызын сіңірудің жарқын көрінісі. Бірлігі бекем елдің болашағы да баянды болмақ. Сондықтан да «Береке бастауы – бірлік» деген қағида әрдайым өзектілігін жоғалтпайды.



### ХАБАРЛАНДЫРУ

«SHENGTAI BIOTECH CO.,Ltd» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 15 маусым сар. 11:00-де, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Алға а.о., Сауытбек а., Қыдырбай 5 көшесі (Мәдениет үйі ғимараты) мекенжайы бойынша «Жамбыл облысы Шу ауданындағы жүгеріні терең өңдеу зауытының жоспарлыны отырған құрылысы мен пайдалануға ықтимал әсерлері туралы» есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтына, сондай-ақ s.agabek@zhambyl.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://ndbecology.gov.kz> сайтында қосылу:

Кездесу уақыты: 15.06.2026 11:00.  
Кездесу идентификаторы: 996-628-920-607. <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=996628920607>.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайы бойынша алуға болады [ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz) сайтына және +7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Жобаның бастамашысы: «SHENGTAI BIOTECH CO.,Ltd» ЖШС, БСН: 250340004589, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Тасөткел а.о., Тасөткел а., Жібек жолы аймағы, 10. тел.+7(775)-196-04-30, stsw@shengtai.kz

Жобаны әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе қ., көш. Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Алға а.о., Сауытбек а.

Учаскенің географиялық координаты: Жүгеріні терең өңдеу зауыты 43°33'32.88"с.б 73°38'58.92"в.е.

Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Сауытбек а., 43°35'57,25"с.б. 73°39'52,62" в.е.

### ШУ Өңірі

Меншік иесі:  
«Шу аудандық баспасы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор – Сембікүл Джандосова

Бас редактор – Ергәлі Қартайған

Бас редактордың орынбасарлары –  
Байжан Емберді,  
Руслан Исаков

Мекенжайымыз: 081100, Төле би ауылы, Төле би көшесі №264 үй, телефон: 3-29-14

Тілшілер:  
Айғаным Асқарбек – aigan-gymbekovna@mail.ru  
Балнұр Жексенбекқызы – balnur7651@mail.ru

Газетке жазылу индексі:  
жеке тұлғалар үшін – 81100;  
мекемелер үшін – 81102

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2012 жылғы 23 қарашада тіркеліп, №13184-Г куәлік берілген

e-mail: [shuskaya\\_dolina@mail.ru](mailto:shuskaya_dolina@mail.ru)

[www.shuoniri.kz](http://www.shuoniri.kz)

Мақалаларды рұқсатсыз алуға жол берілмейді.  
«Шу өңірі» газетінің сілтемесі міндетті түрде көрсетілуі қажет. Редакция мақала авторының көзқарасына, жарнамалар, көңіл айтпалар және құттықтаудағы өлең жолдарының мазмұнына жауап бермейді

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері қазақ және орыс тілдерінде аралас шығады. Форматы - D2. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Газет «Ymit» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің баспаханасында басылды. Тараз қаласы, Ташкентская көшесі №36 үй

Жауапты кезекші: Айғаным Асқарбек